

*Ел жүрегі – елорда шежіресі*

# АСТАНА АҚШШАМЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## БЭЛЛАНЫҢ ЖЕҢІСТІ БЕЛЕСТЕРІ



Бота көзі мөлдіреп тұрған киіктің құралайындай сүйкімді қыз. Тіпті, оны спортпен айналысады деп те ойламайсыз. Өзі де нәзік, қауашақ гүлдей үлбіреп тұр. Оны алғаш көргенде осындай сезімде болдым. Алайда, оның шығыс спорт түрінің бекзат өнері саналатын Шотокан Каратэ-доның бес дүркін әлем чемпионы және Шито-рю каратэ-доның Қазақстанның алты мәрте чемпионы болғанын естігенде таңғалдым. Ол – Астанадағы №4 Жамбыл Жабаев атындағы мектеп-гимназиясының 5 «а» сыныбының оқушысы Бәлла Самашева. Қаршадай ғана қазақ қызының қысқа ғана уақытта осындай жетістікке жетуі де ғажап.

### Балалықтан басталған қадам

Оның өзі сәби жасынан спортқа бейім болып өседі. Тіпті, үш-төрт жасында өз бетімен шапшаң қимыл жасап, түрлі жаттығулар үйренеді. Осындай ерек қабілетін байқаған ата-анасы оны қыз бала болғаннан кейін би үйірмесіне береді. Әрине, би дегеннің өзі әсемдіктің, сұлулықтың бар қасиетін бойына сіңірген асыл өнер ғой. Ол жерде де тындырымды үлгерім көрсетеді. Тәлімгері үйреткен би түрлерін оңқай асықтай шырк үйіріп әкетеді. Оған би үйретіп жүрген ұстазы да дән риза болады. Талдырмаш қана аққұба келген балдырғанның болашағынан үлкен үміт күтеді. Шара апасы секілді қазақты әлемге танытқан биші болар деп ойлайды. Бірақ... Иә, бірақ, Бәлланың жұлдызы басқа өнерден жанғалы тұр еді... Оның өзі қызық оқиға. Бірде сабақтан қайтқанда ол оқып жүрген білім ұясының қабырғасында ілулі тұрған бір жапырақ қағазға жазылған хабарландыруды балалықпен қызығып үйге алып келеді. Ол мектеп жанынан каратэ үйірмесінің ашылғандығы туралы шағын ақпарат екен. Сәби кезінен спортқа жақындығы бар балапан

осы шығыс жекпе-жек түрін меңгергісі, үйренгісі келеді. Сондықтан болар, әке-шешесінен: «Біздің мектепте каратэ үйірмесі ашылды, барсам бола ма?» деп сұрайды. Оған әкесі қуана келісіп, анасы болса, ептеп қобалжиды. Алайда, баласының талпынысын, ынтасын байқаған анасы да үнсіз келіседі. – Сөйтіп күніне екі сағат жаттығу жұмыстары басталып кетті. Мен алғашқыда үйірмеге барып, екі сағат бойы қызымды бақылап жүрдім. Қалай болар екен, қатысушылардың көбі – ер балалар, ауырлау емес пе деп. Қайта мен ойлағандай болмай шықты. Жаттығу жұмыстарын ұқыпты жасап, бапкерінің көзіне бірден түсті. «Мына бала физикалық тұрғыда өте күшті екен, жаттығудан қалмай жүрсе, каратэні үлгілі меңгеріп кететін түрі бар» деді бапкері Рауан Тоғызбаев.

Шығыстың бекзат өнері саналған осы спорт түрін қызым үйірмеге қатысқаннан бері аса қадірлеймін. Бұл жерде балалардың алғашқы дайындығы бапкерге деген құрметпен басталады. Яғни, оған басын иіп, батасын алады. Сосын барып, әдіске көшеді. Былай қарағанда, осында үлкен тәрбие жатыр. Әдептілік, тәртіптілікті көрсетеді. Шығыстық философия бар. Сосын, бапкерлер балаларға қатаң талап қоя біледі. «Алдымен, оқу, сосын барып каратэға келіндер» деп. Осылай қызым оқу мен спортты қатар ұстап, қала деңгейіндегі түрлі жарыстарға қатыса бастады, – дейді анасы Гүлназия Ибраева.

### **Алғашқы жеңіс тәттірек**

2012 жылы Астанада Шито-рю каратэ-доның қалалық жасөспірімдер чемпионаты өтеді. Оған кілең сайдың тасындай іріктелген сайыпқырандар қатысады. Шығыс жекпе-жек түрінің осы сайысына Бәлла да алғаш қатысады. Жарыста бапкерлері үйреткен әдістерді орнымен қолданып, әдемі өнер көрсете білген ол үшінші орынға қол жеткізеді. Шынайы жеңіске бала көңіл мәз болады. Бір үлкен сенім пайда болады. Күш береді. Ата-анасы да қызының алғашқы жеңісіне қуанады. Енді ол өз бапкерімен бірге жатпай-тұрмай жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде, сол жылдардағы шығыс жекпе-жек түрінің жасөспірімдер арасындағы Көкшетау, Тараз, Семей, Ақтөбе аймақтарында өткен жарыстарда Бәлланың бағы жанып, топ жарып, өз қатарының чемпионы атанады.

### **Бір күнде келген үш алтын**

Әнебір жылы Алматыда дүбірлеп Шито-рю каратэ-до бойынша еліміздің жасөспірімдер чемпионаты өтеді. Оған бас қаладан Бәлла да қатысады. Кәдімгідей, «жан берісіп, жан алысатындай» сайыс. Өйткені, осы жарыстан үзік шыққандар Польшада өтетін әлем чемпионатына жолдама алмақ. Байқауда біздің кейіпкеріміз де бойындағы бар өнерін салады. Ақыры, өз қатарластарынан оза шауып, бірінші орынды иеленеді. Енді алда Еуропа тұрды. Алғаш рет сыртқа шыққалы тұрған қызын ата-анасы ептеп уайымдайды. Оларды «қалай болар екен» деген күдік ой да иектейді. Алайда, бабы мен бағы келісіп тұрған дарынды Бәлла Польшадан да алтын медальмен оралады. Одан кейін Қырғыз жерінде өткен әлемдік додада бірінші тұғырға

көтерілді. 2014 жылы қыркүйек айында Португалияда болған Шотокан Каратэ-додан әлем чемпионатында сайыстың үш түрінен қатысып, үшеуінен де оқ бойы озып, бір күнде үш алтын медальді қанжығаға байлайды. Расында, бұл дегеніміз – спорт тарихында сирек қайталанатын құбылыс. Он екіге енді ғана толған дарынды қызымыз аз ғана жылдар ішінде бес дүркін әлем чемпионы атанды. Бүгінгі таңда оның қоржынында бас-аяғы 20 алтын, 4 күміс, 4 қола медаль бар. Болашақта оның саны көбейе де бермек. Тек, тіл-көзден сақ болсын дейміз!

Айтпақшы, Бәлланың әкесі әйгілі Берел қорғанындағы алтын адамды ашқан археолог, тарихшы ағамыз – Зейнолла Самашев. Демек, ғалым ағамыз қазаққа құнды жәдігерлерге толы Берелмен ғана емес, дарынды спортшы Бәлламен де мақтана алады.